

**Мамиля Тургамбаевна Джакыпбекова¹, Шара Асетовна Кыяхметова^{2*},
Ақмаржан Өсемханқызы Әуелбек³**

¹филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.,
ORCID: 0000-0001-6375-5257 E-mail: Mamilya_72@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.,
ORCID: 0000-0001-9886-471X E-mail: aset_shara@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Астана халықаралық университеті,
Қазақстан, Астана қ., E-mail: a_akmarzhan@mail.ru

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЛЕКСЕМАЛАРДЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Қазіргі жаһандану кезеңінде Илияс Жансүгіровтің лингвопоэтикалық дискурсы ұлттық бірегейлікті сақтау мен тарихи-мәдени тұтастықты жаңғырту парадигмасында қазақ халқының этномәдени танымы мен тілдік дүниетанымын бейнелейтін маңызды рухани-танымдық құндылық ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Илияс Жансүгіровтің поэтикалық дискурсында қолданылатын лексикалық бірліктерді семантикалық және стилистикалық аспектіде жүйелеп, олардың көркемдік-эстетикалық қызметін анықтау, сондай-ақ поэтикалық тіл мен этномәдени таным арасындағы өзара байланысты ашып көрсету. Зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы – оның нәтижелерін қазақ тілінің лексикалық-тілдік бірліктерді жүйелеуде, көркем мәтіндегі этномәдени мәнді ашуда және поэтикалық дискурсты кешенді тілдік талдауда қолдануға болады. Зерттеудің әдіснамалық негізін лексемалардың семантикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған лингвистикалық және когнитивтік талдау, сондай-ақ сөздік дереккөздерге сүйенетін лексикографиялық әдіс құрайды. Талдау Илияс Жансүгіровтің идиолектісіндегі бірліктердің мәнімәнділік және мәдени-танымдық сипаттарын ескере отырып жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде Илияс Жансүгіровтің поэтикалық тілінің бейнелілікке және ұлттық-мәдени мазмұнның тереңдігіне қанық екені анықталды. Ақынның идиолектісі қазақ халқының дүниетанымдық көкжиегін, таным-түйсігін және эстетикалық құндылықтарын айшықтайтын күрделі семиотикалық құрылым ретінде танылады. Зерттеудің құндылығы поэтикалық тілдің көркемдік-эстетикалық әлеуетін ашуға және ұлттық танымды тілдік деңгейде сипаттауға қосатын үлесімен ерекшеленеді.

Тірек сөздер: Илияс Жансүгіров поэзиясы; лингвопоэтика; этномәдени лексика; ұлттық дүниетаным; эстетикалық қызмет.

Сілтеме жасау үшін: Джакыпбекова М.Т., Кыяхметова Ш.А., Әуелбек А.Ө. Илияс Жансүгіров өлеңдеріндегі лексемалардың лингвопоэтикалық сипаты. *Tiltanyum*, 2026. №2 (102). 54-65-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-54-65>

**Мамиля Тургамбаевна Джакыпбекова¹, Шара Асетовна Кыяхметова^{2*},
Ақмаржан Өсемхановна Ауелбек³**

¹кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, г. Талдықорған,
ORCID: 0000-0001-6375-5257 E-mail: Mamilya_72@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, г. Талдықорған,
ORCID: 0000-0001-9886-471X E-mail: aset_shara@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент, Международный университет Астана,
Казахстан, г. Астана, E-mail: a_akmarzhan@mail.ru

ЛИНГВОПОЭТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЛЕКСЕМ В СТИХАХ ИЛЪЯСА ЖАНСУГУРОВА

Аннотация. В условиях современной глобализации лингвопоэтический дискурс Ильяса Жансугурова рассматривается как важная духовно-познавательная ценность, отражающая этнокультурное сознание и языковую картину мира казахского народа в парадигме сохранения национальной идентичности и возрождения историко-культурной целостности. Цель исследования – систематизировать лексические единицы, используемые в

поэтическом дискурсе Ильяса Жансугурова, в семантическом и стилистическом аспектах, определить их художественно-эстетическую функцию, а также выявить взаимосвязь между поэтическим языком и этнокультурным знанием. Научно-практическая значимость исследования заключается в возможности применения его результатов при систематизации лексико-языковых единиц казахского языка, раскрытии этнокультурного содержания художественного текста и комплексном языковом анализе поэтического дискурса. Методологическую основу исследования составляют лингвистический и когнитивный анализ, направленные на выявление семантических особенностей лексем, а также лексикографический метод, основанный на работе со словарными источниками. Анализ проводился с учётом контекстуальных и культурно-познавательных характеристик единиц идиолекта Ильяса Жансугурова. В результате исследования установлено, что поэтический язык Ильяса Жансугурова насыщен образностью и глубинным национально-культурным содержанием. Идиолект поэта признаётся сложной семиотической структурой, отражающей мировоззренческий горизонт, когнитивное восприятие и эстетические ценности казахского народа. Ценность исследования заключается во вкладе в раскрытие художественно-эстетического потенциала поэтического языка и описании национального сознания на языковом уровне.

Ключевые слова: поэзия Ильяса Жансугурова; лингвопоэтика; этнокультурная лексика; национальное мировоззрение; эстетическая функция.

Для цитирования: Джакыпбекова М.Т., Кыяхметова Ш.А., Ауелбек А.О. Лингвопоэтическая характеристика лексем в стихах Ильяса Жансугурова. *Tiltany*, 2026. №2 (102). С. 54-65. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-54-65>

Mamilya Dzhakypbekova¹, Shara Kyyakhmetova^{2*}, Akmarzhan Auelbek³

¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan,
ORCID: 0000-0001-6375-5257 E-mail: Mamilya_72@mail.ru

^{2*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan,
ORCID: 0000-0001-9886-471X E-mail: aset_shara@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Astana International University, Kazakhstan, Astana, E-mail: a_akmarzhan@mail.ru

THE LINGUOPOETIC CHARACTERISTICS OF LEXEMES IN THE POEMS OF ILYAS ZHANSUGUROV

Abstract. In the context of modern globalization, the linguopoetic discourse of Ilyas Zhansugurov is regarded as an important spiritual and cognitive value that reflects the ethnocultural consciousness and linguistic worldview of the Kazakh people within the paradigm of preserving national identity and reviving historical and cultural integrity. The aim of the research is to systematize the lexical units used in the poetic discourse of Ilyas Zhansugurov from semantic and stylistic perspectives, to determine their artistic and aesthetic functions, and to reveal the interrelation between poetic language and ethnocultural cognition. The scientific and practical significance of the study lies in the applicability of its findings to the systematization of lexical and linguistic units of the Kazakh language, in uncovering ethnocultural meaning in literary texts, and in the comprehensive linguistic analysis of poetic discourse. The methodological foundation of the research includes linguistic and cognitive analysis aimed at identifying the semantic features of lexemes, as well as a lexicographic method based on dictionary sources. The analysis was conducted considering the contextual and cultural-cognitive characteristics of the units within I. Zhansugurov's idiolect. As a result of the study, it was established that the poetic language of Ilyas Zhansugurov is rich in imagery and deeply embedded with national and cultural content. The poet's idiolect is recognized as a complex semiotic structure that reflects the worldview, cognition, and aesthetic values of the Kazakh people. The value of the research lies in its contribution to revealing the artistic and aesthetic potential of poetic language and in characterizing national consciousness at the linguistic level.

Keywords: poetry of Ilyas Zhansugurov; linguopoetics; ethnocultural vocabulary; national worldview; aesthetic function.

For citation: Dzhakypbekova, M.T., Kyyakhmetova, Sh., Auelbek, A. The Linguopoetic Characteristics of Lexemes in the Poems of Ilyas Zhansugurov. *Tiltany*, 2026. No.2 (102). Pp. 54-65. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-54-65>

Қысқашы

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ поэзиясында ұлттық рух пен дүниетанымдық болмысты көркем тілмен кестелеген көрнекті қаламгерлердің бірі – Ілияс Жансүгіров. Оның поэтикалық мұрасы тек әдеби тұрғыда ғана емес, лингвистикалық және этномәдени аспектіде де терең талдауды қажет етеді. Әсіресе ақын шығармаларындағы лексикалық бірліктердің бейнелілік пен этномәдени мазмұн жүктемесін зерттеу – қазіргі тіл ғылымының лингвопоэтика,

этнолингвистика және когнитивтік лингвистика тәрізді өзекті бағыттары аясында маңызды орын алады. Ілияс Жансүгіров өлеңдеріндегі тілдік бейнелеу құралдары қазақ халқының дүниетанымдық көкжиегін, мінез-құлықтық бағдарын, тарихи-мәдени жадын танытатын ұлттық код ретінде қызмет етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Ілияс Жансүгіровтің жекелеген өлеңдерінде қолданылған лексемалардың мағыналық өрісін, олардың көркемдік және этномәдени қызметін лингвопоэтикалық тұрғыда қарастыру бұл зерттеудің басты өзегі болып табылады. «І. Жансүгіровтің өлеңінде қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен мәдени-тарихи ерекшеліктерін ашып көрсететін мәдени концепциялар берілген. Демек, көркем мәтін – халықтың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, менталитетін көрсететін лингвомәдени құбылыс» (Jakurbekova et al., 2025: 110). Ақынның идиолектісін құрайтын ерекше лексикалық бірліктер поэтикалық мәтінде қандай мән үстейді, қандай контексте қолданылып, қандай бейнелі немесе символдық мағына туындатады деген мәселелер зерттеудің өзегін құрайды. Бұл бағытта лексемаларды тақырыптық-мағыналық топтар бойынша жүйелеу, олардың семантикалық, стилистикалық және мәдени қызметін кешенді талдау арқылы ақын поэзиясының ішкі құрылымын ашуға мүмкіндік береді.

Ілияс Жансүгіров шығармаларының тілін зерттеген еңбектерде ақын қолданысындағы лексика, фразеологиялық жүйе және тілдік бірліктердің эстетикалық қызметі сөз болады. Дегенмен жекелеген өлеңдеріндегі ұлттық дүниетанымды танытатын лексемалардың семантикалық құрылымы, олардың мәдени-концептуалдық мазмұны мен өлең мәтініндегі бейнелік қызметі толық қамтылмаған. Бұл зерттеудің үлесі ақын поэзиясындағы этномәдени лексиканы тақырыптық-мағыналық тұрғыдан жүйелеп, олардың ұлттық мәдени ақпаратты жеткізудегі қызметін көрсетуінде.

Жұмыстың теориялық негізі ретінде лингвистикалық, когнитивтік және стилистикалық талдау әдістері алынды. Сонымен қатар поэтикалық мәтіндегі лексикалық бірліктердің семантикалық құрылымын анықтауда сөздік-дефинициялық тәсілдер де қолданылды. Бұл әдіснамалық ұстанымдар ақын тілінің бейнелік әлеуетін, ұлттық-мәдени мазмұнын және эстетикалық құндылықтар жүйесін тереңірек зерделеуге жол ашады.

Материал және әдістер

Зерттеудің материалдық негізін Ілияс Жансүгіровтің өлеңдері құрайды. Зерттеу шеңберінде тек поэзиялық жанрдағы шығармалар қарастырылып, олардың ішінен семантикалық, стилистикалық және мәдени тұрғыдан ерекше маңызға ие сирек кездесетін лексемалар іріктеліп, жүйеленді. Зерттеу материалы ретінде І. Жансүгіровтің 34 өлеңінен іріктелген 33 сирек қолданыстағы және этномәдени мазмұндағы лексема алынды. Лексикалық бірліктерді таңдау олардың жалпыхалықтық қолданыстан айырмашылығы негізінде жүргізілді. Нәтижесінде поэтикалық мағынасы терең, бейнелі әрі экспрессивті сөздерге ерекше назар аударылды.

Анықталған лексемалар мағынасына және қолданылу аясында үш негізгі семантикалық топқа жіктелді: тарихи-мәдени сипаттағы сөздер, поэтикалық-бейнелі қолданыстар және дәстүрлі мәдениетке қатысты лексика. Әрбір лексема қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі мағыналарымен салыстырылып, ақын өлеңдеріндегі контекстуалдық қолданысы тұрғысынан талданды. Мұндай салыстыру сөздердің мағынасы өзгеріп, кеңейіп немесе ауыспалы сипат алуын, сондай-ақ ақынның оларды жаңаша мағынада қолдану тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің басты мақсаты – Ілияс Жансүгіровтің сирек лексиканы поэтикалық бейне жасау мен этномәдени мазмұнды жеткізу құралы ретінде қалай қолданғанын айқындау. Осыған байланысты ақын поэтикалық мәтінде семантикалық және символдық әлеуеті жоғары сөздерді саналы түрде таңдап, оларды көркемдік мақсатта өңдеп қолданған деген ғылыми болжам ұсынылды. Зерттеу келесі кезеңдерді қамтыды: поэтикалық мәтіндерді іріктеу, сирек лексемаларды анықтап тіркеу, оларды семантикалық топтарға жүйелеу, сөздіктегі және мәтіндегі мағыналарын салыстыру, сондай-ақ олардың стилистикалық қызметін ескере отырып, поэтикалық-семантикалық талдау жүргізу.

Зерттеудің әдіснамалық негізін лексика-семантикалық, контекстуалдық, лингвостилистика-

лық талдау түрлері, сондай-ақ поэтикалық дискурсты зерттеуге арналған салыстырмалы және интерпретациялық тәсілдер құрады. Лексемалардың сөздіктегі мағынасы мен поэтикалық мәтіндегі қызметі салыстырылды. Кейбір лексемалардың бірнеше мәтінде қайталанып қолданылатыны анықталды: *қудыр* (4), *дәсерлетін* (2), *шарбы* (2), *усойқы* (2), *мажыра* (4), *қожыр* (5), *сөңке* (2). Бұл олардың ақынның идиостиліндегі орны мен көркемдік қызметінің маңыздылығын көрсетеді.

І. Жансүгіров шығармашылығы әдебиеттану саласында кеңінен зерттелгенімен, оның сирек және ерекше лексемаларды қолдану ерекшеліктері – поэтикалық сөзқолданыстың лингвопоэтикалық аспектілері жеткілікті дәрежеде зерделенбеген. Бұл зерттеу осы бағыттағы олқылықтың орнын толтыруды көздей отырып, І. Жансүгіров поэзиясының көркемдік және стилистикалық болмысын айқындайтын лексикалық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Бұл зерттеуде Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы көркемдік-тілдік құралдарды, сирек қолданылатын лексемалар мен бейнелі теңеулердің табиғатын тану мақсатында бірқатар ғылыми-танымдық еңбектер пайдаланылды. Атап айтқанда, мәтіндегі образды теңеулер мен стилистикалық тәсілдердің табиғатын ашу үшін және оның поэзиядағы мағыналық рөлін талдауда Н. Уәлидің «Қазақ фразеологиясы: танымдық-прагматикалық негіздер» атты еңбегі басшылыққа алынды. Бұл зерттеуде фразеологиялық тіркестердің көркем мәтін құрылымындағы эстетикалық қызметі мен прагматикалық әлеуеті нақты мысалдармен дәлелденеді (Уәли, 2007).

Поэтикалық тілдегі нормадан ауытқитын лексемалар мен вариантты сөздерді саралауда Р. Сыздықованың «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» атты еңбегі негіз болды. Мұнда «мөжен-томпай», «можантопай» сияқты қолданыстардың әдеби тілге орнығу үдерісі, жазылу мен мағыналық ерекшеліктері ғылыми тұрғыда талданған (Сыздық, 2014). Сонымен қатар *жорту* мағынасынан туындаған «жортарман» сөзінің құрамындағы *-ман* қосымшасының тарихи-семантикалық негізін ашуда С. Аманжоловтың, І. Кеңесбаевтың, Р. Сыздықованың пікірлері басшылыққа алынып, тілші-ғалым А. Фазылжанның парсы тілді жұрнақтарға қатысты көзқарастары ескерілді.

І. Жансүгіров поэзиясындағы табиғат құбылыстары мен халықтық танымға қатысты лексемаларды саралау барысында Э.Т. Құрманалиева бастаған авторлар тобы құрастырған «Артық болмас білгенің» атты танымдық жинақтың берері мол болды. Бұл еңбекте бұлт пен жаңбырдың халықтық атаулары жүйеленіп, олардың бейнелі мағынасы мен дүниетанымдық сипаты түсіндіріледі. Поэтикалық контексте кездесетін «шарбы бұлт», «сілбірең» тәрізді тіркестердің табиғаты осы еңбектегі деректермен салыстырылды (Құрманалиева, 2018).

Этнографиялық, сирек және көнерген сөздердің семантикасын айқындау үшін «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. А–Д» басылымындағы деректер кеңінен пайдаланылды. «Аңсақ», «сөңке» сияқты сөздердің дәстүрлі мәні мен қолданылу аясы осы энциклопедиялық еңбекте жан-жақты сипатталған. Бұған қоса, поэзияда жиі кездесетін түсті айқындайтын сөздердің мәдени семантикасы Б. Хасен мен Б. Жанайханның «Қазақ және түрік тілдеріндегі «сары» сөзі қатысқан тіркестердің семантикалық ерекшеліктері» атты мақаласы арқылы толықтырылды. Ал жаңбыр түрлерінің атауларына байланысты лексикалық ерекшеліктер мен бейнелілік Г. Исаеваның «Ана тілі» газетінде жарияланған «Жаңбыр және оның түрлері» мақаласынан нақты мысалдар арқылы қарастырылды (Исаева, 2016).

С. Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» атты еңбегі тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіндіруде зерттеуімізге теориялық негіз болды (Тер-Минасова, 2008). Сол сияқты мақала авторларының «Cognitive Characteristics of Ethnographisms Related to Material Culture (Based on Ethnographic Poems of Ilyas Zhansugurov)» атты мақаласы осы зерттеуде талданған этнографиялық лексемаларды ғылыми тұрғыдан негіздеуде пайдаланылды.

Зерттеу барысында кейбір лексемалар мен бейнелі тіркестердің табиғатын тереңірек ашу үшін олардың өзге көркем мәтіндердегі қолданыстары да салыстырыла қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы лексикалық қор сан алуан мазмұн мен мәнге ие байырғы, бейнелі және мәдени-этнографиялық сөздермен ерекшеленеді. Бұл сөздер ақынның тілдік бейнесін даралап қана қоймай, ұлттық рух пен көркемдік танымды айқын көрсетеді. Белгілі тілші ғалым Ө. Болғанбаев: «Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер халықтың басынан өткен ұзақ сонар тарихын, оның саяси-әлеуметтік өмірін, тұрмыс-салтын, күнкөріс-тіршілігін, мәдени-рухани өмірін, бүкіл экономикасын айнытпай айқын бейнелеп бере алады. Сөз байлығында біздің барлық білген біліміміз, ойымыз, идеямыз, ұғымымыз сақталған», – деп тұжырымдайды (Болғанбаев, 2018: 10). «Этномәдени бірліктер өткен мәдениеттің көрінісін береді және ұлттық құндылықтарды танытады» (Issabekova et al., 2024: 35). Осы негізде зерттеу барысында қолданылған сирек лексемалар үш топқа жіктеліп қарастырылды: *тарихи-мәдени сипаттағы сөздер, поэтикалық-бейнелі қолданыстар және дәстүрлі мәдениетке қатысты лексика*. Бұл жіктеу ақын тіліне тән лингвопоэтикалық құбылыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи-мәдени сипаттағы сөздер. Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы тарихи-мәдени сипаттағы сөздер – өткен дәуірдің болмысын, кәсібі мен танымын танытатын лексемалар қатары. Бұл сөздер арқылы ақын көне қазақ тұрмысын, дәстүрін, қоғамдық құрылымын бейнелі әрі шынайы жеткізеді. Мысалы, «Күз» өлеңінде Желің мынау, *Дарымшының* деміндей (Жансүгіров, 2019: 91), – дегендегі «дарымшы» дәрігер сөзінің көне атауы. Бұрынғы кезде жылан, қарақұрт сияқты улы жәндіктер шаққан кезде арбау арқылы уытын қайтарып емдеген, «арбауды бақсы, арбаушы, дарымшы, яғни, кәсіби мамандар айтады» (Бабалар сөзі, 2013: 17). Ақын «дарымшының деміндей» деп қолданады, дем салудың өзі наным-сенімнен туған емдеу тәсілі екенін ескерсек, «дарымшының емі» емес, «демі» деп әдемі үйлестірген. Бұл тіркес «Мезгіл суреттеріндегі» күз сипатын беруде қолданылған, өлең мазмұнына үңілсек тура мағынасында емдеу туралы айтылмаған, мұнда ақын күз сипатын беру үшін күздегі «жерді» шала илеген теріге (иі қанбай көкаязданып тұрып қалған керғайза немесе көксоқта тері), «желді» дарымшының деміне, «көлді» насыбайлы түкірікке, «күнді» ауылнайдың мөріне (анық емес) теңейді. Осы теңеулердің «кейбірінің мағынасы қазіргі жас оқырманға бейтаныс та болуы ықтимал» деп, теңеулердің бейнелігі туралы зерттеуші-ғалым Н. Уәли: «Өлеңнің эстетикалық сапасын көтеріп, ақынның сезімін дәл жеткізіп тұрған фразеологиялық тіркестердің образды мағыналары. Шала илеген терідей – қыртысы жазылмаған, дарымшының деміндей – сасық, жағымсыз, ауылнайдың мөріңдей – бедері кеткен, әлсіз, насыбайлы түкірік – жасылдың көкпен былғанып, ақ араласқан түрі, міне, алдымен осындай образдарды дұрыс қабылдау арқылы реалистік суреттен эстетикалық әсер алып, ақынның көңіл күйін, жан сезімін тереңірек ұғуға болады», – деп баға береді (Уәли, 2021: 75).

«Жаз» өлеңі түгел дерлік кейіптеуге құрылған. «Алты ай бойына жер шешені ауыртқан қыстың» азабын сырып, көркіне жадырай енген жаздың сипаты тірі адам қалпында суреттеледі. Өлеңде «Жамылған жалба *жамылшын*, Жер жиіркене шешеді» деген жолдар бар. Мұндағы «жамылшын» сөзі «шекпен» деген сөздің орнына қолданылған, күн суықта желбегей жамыла салатын көне киім атауы, ал «жалба» ескі деген ұғымды білдіреді, тілімізде жалба-жұлба деген қос сөз бар. Ақын қыстың сүреңсіз мезі қылған қалпын ескі шекпенмен сипаттап, оны жер жиіркене шешеді деп суреттейді. «Жамылшын» атауы Мәшһүр Жүсіптің қағаз бетіне жинақтап түсірген ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі «Қойгелді» шығармасында ұшырасады: «Көк жамылшын жамылып, Ерлер жортар мал үшін!».

«Әнші» өлеңінде де көне сөздер ұшырасады. «Жорғамын, жұрттан озған, *жортарманмын*» дегендегі «жортарманмын» дегеннің түбірі «жорту» (жүру, ел кезу) деген етістіктен шыққан. Ғалым С. Аманжолов *-ман* қосымшасын (слово-аффикс) бастапқыда «адам» мағынасын білдіріп, бірте-бірте жұрнақ қызметіне ауысуы мүмкін» деп, дәлел ретінде «атарман, шабарман, аламан» тәрізді көне сөздерді келтіреді (Аманжолов, 1997: 71). І. Кеңесбаев «Аларманға алтау аз, Берерменге бесеу көп» мақалында кездесетін сөз тудырушы өнімсіз *-ман (-мен)* жұрнағын көне форма деп береді (Кеңесбаев, 1977: 604). Р. Сыздықова: «-ар+ман жұрнақтарымен жасалған тұлға қимыл, іс-әрекет семантикасын сақтаған. Ал бұдан 30-40 жылдай бұрын, яғни 60-жылдардың ішінде әдеби тілімізде *оқырман, көрермен, тыңдарман* деген, біздің күндерімізде,

90-жылдардың соңында *оралман* деген атаулар пайда болды. Бұлар енді етістік емес, есім (зат есім) сөздер, әлі орындалмаған, бірақ орындалуға таяу тұрған іс-әрекетті емес, сөз түбірі білдіретін қимылдың, іс-әрекеттің (*оқу, көру, тыңдау, оралу* сияқты) иесін, орындаушысын атайтын атау сөз», – дейді (Сыздықова, 2014: 27). *-ман* қосымшасы туралы тілші-ғалым А. Фазылжан: «*-ман* формасы көне парсы сөзі, ол кейін жұрнаққа айналып кеткен, ол «адам» дегенді білдіреді», – деп, ғалымдардың пікірін қуаттайды (Фазылжан, 2026). Осы өлеңде «*Желғабыз*, сол ортаның заржағымын» немесе «*Қоздырып делебені дәсерлетіп*» деген жолдарда да көне сөздер кездеседі. «*Желғабыз*» деген жүйрік деген мағынаны білдіріп, көбінесе жүйрік жануарларды (киік) сипаттайды (<https://sozdikqor.kz/>) немесе жүйрік жылқының бір түрі ретінде осы атау қолданылады, мұнда түбіріндегі жел сөзімен (жылдамдық-жүйріктілік) байланысты мағыналық ұштастық бар. Ал «*дәсерлетіп*» (екпіндету) деген ақындық шабыт шыңына жетіп арқасын қоздырған сәттегі өнер адамының табиғи дарынын, әншілік өнер өресіне жетіп өршелене түскендегі шығармашылық бейнесін, тыңдарманын ұйыта еліктірген әуеннің күдіретін Әсет ақынның өз атынан баяндатып сипаттайды. «*Дәсерлет*» етістігінің беретін мағынасын түсіндірген сөздікте Ілиястың осы өлең жолдарынан мысал келтіреді (<https://sozdikqor.kz/>).

Поэтикалық-бейнелі қолданыстар. Ілияс Жансүгіров поэзиясы бейнелі сөз өрнектеріне, әсерлі тілдік көркемдеулерге аса бай. Ақынның тілінде қолданылған поэтикалық-бейнелі лексемалар тек эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, ұлттық дүниетаным мен табиғат болмысын шебер жеткізеді. Ақынның «*Жазға салым*» өлеңіндегі «*Сылдыр су, тал тамылжу, құрақ қудыр, Ізі-шу, ию-кию көшеді ауыл*» (Жансүгіров, 2019: 80), – деген өлең мәтінінде қолданылған «*қудыр*» сөзі «*құрақ*» деген сөзбен тіркесіп келгендіктен «*қуып жеткізу*» етістігінің мағынасында емес, ел жайлауға көшіп келген кездегі абыр-сабыр болып жатқан сәт және құрақтың қудыр (қурап қалу) қалған сипатын беру үшін қолданылған. Сөздікте «*қудыр*» сөзі «*қуып жету*» етістігінде, «*қурап қалу*» сындық сипаттағы және «*қудырлап*» құлаққа естілетін еліктеуіш сөз ретінде қолданылады десе, ақын өлеңдерінде осы үш қолданысты түгел кездестіреміз. «*Ағынды менің Ақсуым*» өлеңінде «*Итмұрыны мөлдіреп, Қудырлап қоңыз ұшады*» дегенде «*қудырлап*» сөзі қоңыздың ызыңдаған дыбысын білдірсе, «*Айдаушы*» өлеңіндегі «*Ойдан ойды тудырып, Толқынды толқын қудырып*» және «*Домбыра*» өлеңіндегі «*Қашағанды қудыра, Құлшына тарт, екі!*» дегенде «*қудыр*» қуып жету етістігі мағынасында қолданылған.

Балаларға арналған «*Жазғы шілде*» өлеңінде шілде айындағы табиғат суреті, ауыл тіршілігі, марқайған жас қозылар, қайнаған құрт, ірімшік, байланған құлындарды айта келіп:

Нәйім, нәйім бауырсақ,

Ағын суға шомылсақ, – деген жолдармен жалғастырады.

Сөздікте «*Нәйім*» арабтың «*найм*» сөзінен енген кірме сөз екендігі және ол «*ұсақ, жұмсақ*» деген мағынаны білдіретіні айтылған. Осы өлең туралы Үміт Ілиясқызының мынадай қызық естелігі бар: «*Бес-алты жас шамасындамын. Есімдегі ең тәтті сәт – әкемнің таң алдында тауға жақын бұлақ жақтан келе жататын кезі еді. Сонда қазақ үйден жарыса жүгіре шыққанымда, алдымен мен жететінмін де, бетінде мұздай судың табы бар әкем мені жерден көтеріп алып иіскей еркелететін. Сонда жиі айтатын сөзі «Нәйім, нәйім, бауырсақ, ағын суға жуынсақ» деген жолдар еді» деп еске алады ақынның тұңғыш қызы» (Бакраденова, 2023: 49).*

«*Жас жалшыға*» өлеңінде «*Туғанда алғаш анаңнан, Балапан едің ақ үрпiк*» деген жолда «*ақ үрпiк*» деген тіркес «*үрпек (жаңа туған балапан)*» деген сөздің дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқасы, себебі «*ақ үрпек*» тіркесі тілімізде «*балапан*» деген сөзбен тіркесіп келеді. «*Ақ үрпiк*» деген нұсқасы М. Мақатаевтың «*Ару ана*» поэмасында «*Ақ үрпiк әжей отыр, Ұядан жаңа шыққан балапандай*» деп кездесе, С. Бегалиннің «*Бала Шоқан*» әңгімесінде «*Сол бұзауындай жайлау жартасынан алған ақ үрпiк балапаны жетілген кенектей ителгі болып тұғыр басты*» дегенде ұшырасады. Осы өлеңде «*Мектебі жақсы, көңілді, Арқалап боқша барады*» деген жолда «*боқша*» – көне атау. Тілімізде бұл көне атаудың үш мағынасы бар: сөмке, қыздың жасауы және қарт әйелдің көзі тірісінде жинаған мүлкі (сандығы). Өлеңде мектепке кетіп бара жақтан жеткіншекті суреттегендіктен, сөмке (теріден жасалған) мағынасында қолданылып тұр.

«*Тас*» өлеңінде:

Көгілдір, мөлдір көк аспан –
 Көлеңке, сәуле ойнағы.
 Ойнаса онда жылпың жел,

Жыртылад *шарбы*, қаймағы (Жансүгіров, 2019: 95), – деп тұтасып тұрған аспан әлемін «шарбыға» теңейді. Сөздікте шарбы атауына «Малдың, аңның қарнын орап тұратын жұқа май» (<https://sozdikqor.kz/>) деп және ауыспалы мағынасында «селдір, сирек» деген мағынасында «шарбы бұлт» тіркесі мысалға келтірілген. «Шарбы» сөзі ақынның «Ағынды менің Ақсуым» өлеңінде «Шүйке шарбы бұлтты» деп табиғатты жанды кейіпте суреттейді. Тілімізде бұлттың бірнеше сипатты атаулары бар. Құрманалиева Э.Т., Тілегенов Н., Сайлауова А.Т. «Артық болмас білгенің» рухани-танымдық жинағында бұлттарды пішіндеріне қарай *будақ бұлт*, *қабат бұлт* және *шарбы бұлт* деп жіктеп, «Шарбы бұлт – 6 км-ден жоғары биіктікте түзілетін, майда мұз кристалдардан тұратын, жауын-шашын әкелмейтін ақ түсті бұлттар» деп анықтама беріп, 23 бұлт түрін атап, анықтама береді (Құрманалиева, 2018: 16).

«Қойшы ойы» деген өлеңде «Ауылы Қойлыбайдың *қолат* қонған, *Сілбірең* ұзақ *сары* таң жауын болған» деген жолдарда «қолат» деген тау бөктеріндегі сай, аңғар болса, «сілбірең» *сілбіле* етістігінің бір нұсқасы, «сілбілеу жаңбырдың жайлап ұзақ жаууы» (Исаева, 2016). Тілімізде «сары» деген сөздің өзі түсті білдірумен қатар, тіркесетін сөзіне байланысты әртүрлі ұғымды білдіреді, «Сары түс қазақ тілінде табиғатпен байланыстыра қолданылғанда, табиғи құбылыстың ұзаққа созылуын сипаттайды. Мысалы, сары жел – үздіксіз соғып тұрған жел, сары аяз – бірнеше күнге созылатын қатты аяз, сары (ала) таң – ұзақ таң» (Хасен, 2016).

«Жоқ» өлеңінде көбіміз біле бермейтін, сирек қолданылатын сөздер тобын көп кездестіреміз. Мысалы,

Арғымақ тұрпат, қу сынды,
 Ай жүзді *сөңгел* мүсінді.
 Сұңғыла, сұңқар *аңсағы*,

Үлпершек үкі, шоқбар жоқ (Жансүгіров, 2019: 115), – дегенде дұрысы «*сөңкел*» болуы керек (баспа кезінде қате кетуі мүмкін). Бұл атау тілімізде екі мағынада қолданылады. Сөздікте бұл атауға аласа бұтаның түрі және қурап, кеуіп қалған деген анықтама беріледі. Ақынның «Жер түгі» өлеңінде «Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен» деп «сөңке» атауы тура мағынасында ағаштың бір түрі ретінде суреттелген. Ал «Көш-жөнекей» өлеңінде «Майысып ақ кербездей сұлу сөңкел» деп оның сұлулығы кербезге теңеледі. Біздің ұғымымызда сұлу сұңғақ бойлы болып танылса, ақын аласа бойлы бұтаның өзін кербез сұлудың кейпіне теңейді. Энциклопедияда «аңсағы» атауына байланысты мынадай дерек келтіріледі: «Аңсақ аң аулауды сүйетін, аң аулағыш, бірақ, аңшылықты арнайы кәсіп етпейтін адам.

Арғымақ тұрпат, қу сынды,
 Ай жүзді *сөңгел* мүсінді,

Сұңғыла сұңқар *аңсағы*, – деген жолдардағы аңсағы сөзі аталмыш мағынада қолданылған (Қазақтың этнографиялық категориялар..., 2011: 175).

«Үлпершек үкі» тіркесіндегі «*үлпершек*» атауы адамның, малдың жүрек қабы және ол физиологиялық тұрғыда өте үлбіреген жұқа болғандықтан, тілімізде «үлпершектей» деген теңеу уылжыған жас, сүйкімді деген сипатты білдіру үшін қолданылады. Үкі – құс атауы, ол да жас қыздың үкідей үлбіреген сұлулығын беру үшін қолданылатындықтан, «үлпершек үкі» тіркесі мағыналық жағынан бір-біріне сәйкестендіріліп тіркескен. Осы өлеңдегі «Күз қабақты *мар* жүнді» дегендегі «мар» сөзіне сөздікте «жалғаса ұштасқан ірі» деп анықтама берілген, бұл атау тілімізде жыланның атауы ретінде де қолданылады. Жылан шағып алғанда оның уын қайтару үшін бұрынғы наным-сенім бойынша арбау өлеңі оқылған: «мары-мары, мары жылан, марқары, сарқары...» деп. Бұл жерде бүркіт жүніне байланысты қолданылған. Бүркіттің бүкіл табиғи болмысын сипаттап берген Ж. Бабалықұлының «Қырандар» еңбегінде: «Бүркіт жүні табиғаты жағынан ұсақ жүнді, ірі жүнді болып екі түрге бөлінеді. Кейбір құсбегілер жүннің осы екі түріне қарай ұсақ жүнді құсты – күйтшіл, бабы, талғамы қатты құс деп, ірі жүнді құсты – күйі, талғамы, бабы жеңіл, аса көп бапты тілемейді деп бағалайды» (Бабалықұлы, 2009: 88), – делінген. Өлең жолдарында қырағы бүркіттің түр сипатын, аң алудағы ептілігін «тегеуріні темір, тас жүректі,

тақымынан түлкі айыртқан» деп сипаттайды, мұндағы «мар жүнді» деген тіркес бүркіттің тұтасқан қалың жүнін сипаттауға арналған. Өлеңде ақын сұлу ару, жүйрік тұлпар, қыран құс пен мен ақындық секілді асыл қасиеттер мен қабілеттер өз лайықты иесін, орнын таппаса – олардың да қадірі мен шынайы мәні болмайтынын меңзеп, нағыз болмыстың шартын «Сұлудың сұлу сыны жоқ», «Жүйріктің жүйрік сыны жоқ», «Қыранның қыран қыбы жоқ», «Ақынның ақындығы жоқ» деген жолдар арқылы терең философиялық тұрғыда, «жоқ» ұғымы арқылы бейнелейді.

«Орақ науқаны» өлеңінде «*Әлінің кеуір қырған зұлперіндей*» деген тұрақты тіркес кездеседі, ол өте өткір, жойқын деген мағынаны білдіреді. Бұл – эпикалық теңеу, тарихи-діни бейнені еңбек құралына қатысты қолдану арқылы поэтикалық гипербола (әсірелеу) жасалған көркем тәсіл.

«Кісілік пен хайуандық» өлеңінде «Жүрісінде, ісінде талғам жоқ, Сыйым жоқ *усойқы* сұм атанбақ» дегенде «усойқы» – улы өсімдік атауы, бірақ өлеңде өсімдік туралы емес, байлыққа мастанып, көзін шел басқан, миы уланған адамның тоғышарлық бейнесін улы өсімдікке теңеген. Бұл сөз «Октябрь елесі» өлеңінде «Ұрысқаны өз жауы, Отаршы обыр, *усойқы*» деп кездеседі, мұнда да тура мағынасында емес, қазақтың бойындағы билікке талас, бақталастықты суреттеу үшін қолданылған.

«Күн шыққанда» өлеңінде «*Шүлен* шал мал береді» дегендегі «шүлен» деген сөздің мағынасы жомарт, қолы ашық дегенді білдіреді, бірақ өлең жолдарына үңілсек, мұнда шалдың жомарттығы емес, малын беріп, қыз айттырсам ба деп отырған адамды ақын бір түйреп өтеді.

«Ұйқыма» өлеңінде «*Бадалғыр*, батқыр тас ұйқым, Теңіздің терең түбіне» дегендегі «бадалғыр» деген сөзге назар аударсақ, тілімізде «бармасаң бадал, қара жерге қадал» деген қарғыс сөз бар, бұл сөз көбінесе жұмсаған кезде орнынан оңайшылықпен қозғала қоймайтын немесе тілді алмайтын тілазар балаға (адамға) қатысты айтылады. Жалпы «бадал» деген құрып кету мағынасын білдіреді. Өлең мазмұнында «бадалғыр» (құрып кетші) деп ақын ұйқысына қаратып айтып тұрғанымен, мұнда тура мағынасында емес, сананың оянуы, халқының қараңғылықтан шығып, білім алуы, алға ұмтылуы мағынасында суреттелген.

Ақынның өлеңдерінде «*мажыра*» сөзі төрт өлеңінде кездеседі. Сөздікте бұл атау алдымен өсімдік атауы және жайма шуақ күн, жайбарақат қалып деген анықтама беріледі. Мысалы, «Тілек» өлеңінде «Жарқыра көк! Мажыра!» деп ерекше екпінмен айтылып, күн нұрының ерекше мейіріммен төгілуі суреттелсе, «Өмір – көмір» өлеңінде «*Мажырасып*, жылысын деп ойлаған» дегендегі «мажырасып» деген қауқылдасып, қуанышпен қауышуы, жарқын-жайдары кездесуді білдіреді. Ал «Қазақ қызы» өлеңіндегі «Мажырап қыр, жер жусап» дегенде табиғаттағы жайбарақат қалып суреттелсе, «Тоғызда» өлеңінде «Мажыраған бұл қай жақ» деп «мажыраған» етістігі жаңалықтың жаршысы ретінде, жаңа өмірдің, жаңа кезеңнің (қазақ төңкерісі) сипаттамасы ретінде берілген.

«Алатау» өлеңінде «Еркінде тас бұлағың *лөкілде*сін» дегендегі «лөкілде» деген етістіктің негізгі мағынасы – ат үстінде отырған адамға жайсыз тиіп, іші-бауырының бәрін қозғап жіберетін аттың жайсыз желісі. Бірақ өлеңде ат желісі туралы айтылып тұрған жоқ, мұнда ат желісіне ұқсайтын тау бөктерінен төменге жыра-жыраны қуалай ағатын бұлақтың ағысын, екпінін сипаттау үшін қолданылған.

Дәстүрлі мәдениетке қатысты лексика. Ілияс Жансүгіров поэзиясында этнографиялық-дәстүрлік атаулар халықтың тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық дүниетанымын тіл арқылы танытудың көркем құралы ретінде көрініс табады. Ақын қазақ халқының киім-кешек, әшекей, ыдыс-аяқ, салт-дәстүрге қатысты сөздерін қолдану арқылы ұлттық болмысты бейнелі түрде жеткізеді. Мысалы, Әсет ақынға арналған «Тұңғыш тоғысу» өлеңінде «Еңкейіп *екіндіден* күн *құдиды*» деген жолдарда «екінді» күн батар алдындағы тәулік кезеңінің атауын білдірсе, «құдиды» етістігі төменге қарай шүйілуі (бүркіттің әрекеті), төнуі болса, күннің ұясына асыға батып бара жатқанын осы қимыл әрекетпен суреттеп берген. Осы өлеңде орда ішіндегі адамдарды сипаттағанда «Жүнін жұлған тайлақтай *тазығыр* шал» деп тоқал жанында отырған шалды суреттеген. «Тазығыр» деп өсімдік өспейтін қуаң жерді айтса, кейде тілімізде жүні тықыр жануарды сипаттау үшін де қолданылады. Әсеттің әсем әнінің қуатын ерекше пафоспен жырлаған Ілияс ақын «Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп, Қоздырып делебені – *дәсерлеміп*» дейді.

«Дәсерлетіп» деген «асқақтату» деген мағынаны білдіреді. Әсет ақынның салған әнін бүкіл ауыл болып құлақ құрышын қандыра тыңдаған халықтың ілтипатына бөленген ақынды дәріптеу, өнерін құрметтеу және оған бас иіп ерекше баға береді.

«Жетісу суреттері» топтамасында Жетісу жеріндегі таудың, өзен-көлдің, аң-құсы мен жәндігінің, өсімдігінің ономастикалық атауларымен қатар, солардың сын-сипатын, табиғи ерекшелігін, түр-түсін, болмысын, қасиетін сипаттау үшін көне сөздермен қатар, кейде жергілікті тілдік ерекшеліктерге тән лексемаларды да қолданған. Мысалы, «Жалпы сын» тарауында «Жайқалып жауқазыны, раң гүлдер» дегендегі «раң» деген қардың еріген суынан нәр алып, ерте көктемде бой көтеретін майда шөптің түрі. «Раңнан дәрі алынады, ерте көктемде жақсы мал жайылымы ретінде пайдаланылады». Осы тараудағы «Қия құз, мұсатыр мұз жақпарланып» деген жолдағы «мұсатыр» сөзі – мұсәтір спиртінің аймақтық қолданыстағы атауы, оның түссіз мөлдір сипатын мұздың сипатымен ұқсастырып, «мұсатыр мұз» деген жаңа, тыңнан эпитет жасалған, авторлық эпитет деуімізге болады. «Тау суреті» бөлігінде «Диуана заржақ байғыз – шайқы-бұрқы» деген жолда «шайқы-бұрқы» деген дуананың табынатын пірі. Бұрынғы кезде бақсылар, дуаналар өздерінің негізгі функциясы адамды емдеу кезінде әртүрлі әулие-әмбиелердің атын атап, соларға сиынған, солардан медет күткен. Бұл атау Ілияс ақынның «Күй» поэмасында да кездеседі: «Долданған дуанасы шайқы-бұрқы». Зерттеуші Акеділ Тойшанұлы салттық өлеңдердің көне үлгілерінің бірі – «Диуанабәйіт» жайлы мақаласында диуаналардың сыйынатын пірі ретінде «Шайқы-Бұрқы диуана» бейнесін атайды. Бұл есімнің шығу төркіні фольклор үлгілерінде де кездеседі. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жинаған фольклор үлгілерінің басым бөлігі аңыздар мен әңгімелерден тұрады, солардың қатарында «Шайқы Бұрқы әулие» атты әңгіме де бар. Бұл деректерге сүйене отырып, «Шайқы-Бұрқы» – діни-мистикалық сипаттағы халық танымында орныққан әулие есімі екенін байқауға болады.

«Жетісуда су суреті» бөлігінде «Қожыр тас қопарыла құмға айналып, Жарпымен көшіп жатыр боп жым-жылас» деген жолдардағы «қожыр» деген тастың тегіс емес, бұдыр-бұдыр болып келген сипатын берсе, «жарпы» деген тіліміздегі «жарты» деген сөздің жергілікті қолданыстағы нұсқасы. Заттың сын-сипатын білдіретін «қожыр» сөзі Ілияс өлеңдерінде бес рет кездеседі. Мысалы, «Ақшам» деген өлеңінде «Қабағын түйіп қожыр күз» дегенде «қожыр» ауыс мағынада күздің суық, сүреңсіз қалпын сипаттау үшін қолданылған. «Тұңғыш тоғысу» өлеңінде «Қошқардай қожырлар бар қожырайған» деп күрделі метонимиялық (қожырлар – шалдар) бейнелеуіш құралды тыңнан тауып қолданған (авторлық метонимия). Мұнда да ауыс мағынасында ебедейсіз, түр сипаты еңгезердей (қошқардай), іс қимылы ширақ емес (қожырайған), дене бітімі де келіскен емес (қожырлар) адамды сипаттап отыр. «Тау суреті» бөлігінде «Құймақы, қожыр қара жақпарлары» дегенде жақпардың өзі таудың кедір-бұдыр қабаты боса, ақын соны дәл «қожыр» деп сипаттайды. «Жетісуда су суреті» бөлігінде «Сол елдің қыдырынды қыдыры сол» дегендегі «қыдырынды» сөзі – қыдыру етістігі арқылы жасалған көп қыдыратын адамды сипаттау үшін қолданылатын сындық мағынадағы сөз. Сондай-ақ, «Көктемде» өлеңінде «қыдырынды азайды» деп, «Беташар» өлеңінде «қыдырынды бір ақын» деп бұл сөз ақын шығармаларында басқа екі өлеңінде де қолданылған.

«Жетісу жәндігі» бөлігінде «Сықылды толып жатыр мәжен-томпай» дегенде «мөжен-томпай» (можантопай) жуас дегенді білдіреді. Ғалым Р. Сыздық: «Бұл сөздердің әдеби тілде әлі берік орын теуіп лексикалық нормаға еніп болмағандығын олардың әртүрлі жазылып, кейде тіпті әртүрлі мағынада қолданылып жүргендігі танытады. Мысалы: можантопай /мөжен топай /мөж топай ... деген орфографиялық дублеттер түрінде ұшырасады», – дейді (Сыздық, 2014: 170).

«Кім үшін» өлеңінде кездесетін «Тақылжырдан тамған тер» деген жолдағы «тақылжыр» сөзі – аймақтық лексикаға жататын сөз, ол «тақым» деген мағынада қолданылады. Мұндай сөздер ақынның туған ортасының тілдік ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймай, өлеңнің ұлттық таныммен біте қайнасқан бейнелілігін арттыра түседі.

«Қорқамын» өлеңінде ақын өзінің ауылда бала оқытудағы алғашқы қадамын, сезімін суреттеп жазған. Осы өлеңде «құйқалақ» деген сөз үш жерде ұшырасады: «Құйқалақ бала, шым мектеп»; «Отырған өңшең құйқалақ», Есінеп, көзін уқалап»; «Анау өңкей құйқалақ», Қарды қыстай қикалап». Жалпы «құйқалақ» деген мал сойған кезде тез арада ары-бері отқа қақтап

пісіріп жейтін тағам атауы болса, өлеңде ауыспалы мағынада қолданыс тапқан. Үш жерде де мектепке келген баланы «құйқалақ» деп сипаттайды. Өлең мазмұнында мектептің аты бар да заты жоқ, жан-жағынан азынап соққан желдің өтінде «құм төсеніп» отырған баланың суыққа тоңып абыржыған, берекесі кетіп ұйпалақтанған түрін осылай сипаттап береді.

I. Жансүгіров өлеңдерін талдау барысында ақын тіліне тән авторлық бейнелеу құралдары анықталды. Атап айтқанда, теңеу, эпитет, метонимия сынды көркемдік тәсілдердің жаңаша, тың қолданыстары кездесті. Бұл құралдар ақынның көркемдік ойлау ерекшелігін, ұлттық дүниетанымды поэзия тілімен берудегі шеберлігін айғақтайды. Сонымен қатар сирек лексемаларды үш бағытта жүйелеу өлең тілінің лингвопоэтикалық сипатын жан-жақты тануға жол ашты.

Қорытынды

Бұл зерттеу Ілияс Жансүгіров поэзиясында мағынасы терең, сирек әрі бейнелі қолданыстағы лексемалардың көркемдік және танымдық сипатын айқындауға арналған. Ақын шығармаларында ұлттық дүниетаным мен көркемдік ойлау жүйесін танытатын лексикалық бірліктердің табиғатын ашу арқылы поэзиялық мәтіндегі тілдік көркемдеу құралдарының қызметі талданды. Талдауға алынған лексемалар мазмұны мен қолданыс ерекшелігіне қарай үш негізгі топқа жіктелді: тарихи-мәдени сипаттағы сөздер, поэтикалық-бейнелі қолданыстар және дәстүрлі мәдениетке қатысты лексика.

Ақын қолданған сирек сөздер табиғат көріністері мен адам болмысын бейнелеуде ерекше стильдік жүк арқалайды. Мысалы, «*мажыра*», «*тақылжыр*», «*жортарман*», «*құйқалақ*», «*лөкілдесін*» тәрізді сөздер ұлттық дүниетанымның тілдік өрнегі ретінде көркемдік қызмет атқарады. Талдау барысында контекстік талдау мен семантикалық сипаттау әдістері қолданылып, лексемалар мазмұны кеңінен ашылды.

Зерттеу нәтижесінде Ілиястың 34 өлеңінен анықталған 33 сирек лексеманың 17-сі – поэтикалық-бейнелі қолданысқа, 11-і – дәстүрлі мәдениетке қатысты лексикаға, ал 5-і тарихи-мәдени сипаттағы сөздерге жататыны анықталды. Сандық талдау нәтижесінде поэтикалық-бейнелі қолданыстың басым екенін байқадық. Бұл нені білдіреді? Ақын өлеңдеріндегі лексикалық бірліктер тек атауыштық қызметте жұмсалмаған, олар – ақынның сана саңлауындағы эстетикалық талғамын таразылайтын бейнелі ойдың сөз кестесіне түскен ізі. Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы сирек лексемалар ұлттық мәдени кодты, тарихи жадты және көркемдік ойлау жүйесін танытатын маңызды тілдік қабат ретінде бағаланады.

«Әрбір сөздің лексикалық мағынасы ұлттық санада қалыптасқан ұғым-түсінікті бейнелейді» (Тер-Минасова, 2008: 31). Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы сирек кездесетін лексемалар халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен эстетикалық көзқарасы туралы мол мағлұмат береді. Мұндай сөздер мәтінге терең поэтикалық реңк беріп қана қоймай, ұлттық мәдениеттің айшығын танытады.

Шығармашыл тұлға – автор – тіл мен мәдениеттің тасымалдаушысы. Автордың қолынан шыққан туынды тек оқиғаны немесе селт еткен сезімді суреттеген жалаң мазмұннан тұрмайды, ол оны жасаған тұлғаның мәдени кеңістігін, концепциялық сферасын, дүниесінің тілдік суретін көрсетеді. Мәтінде және мәтін арқылы автордың тұлғасы ерекшеленеді, сол автор тұлғасы арқылы осы тұлға өкілі болып табылатын ұлттың ұғым аясы, танымдық негізі, өмір салты, тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті көрініс табады. Этномәдени лексиканың қай саласында болсын көптеген ақпарат жинақталатынын ғалым Ж. Манкеева: «...көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады», – дейді (Манкеева, 2008:148).

«Қазақ – аттың жалында, түйенің қомында өскен халық» (Ел аузынан) Қазақ қазақ болып жасай бастағаннан бері жаугершілікті басынан кешірген, осыған байланысты оның тіршілік-тұрмысы да, салт-дәстүрі де ыңғайлана қалыптасқан. «Ел шегіне жау келді!» десе бір сәтте-ақ үйін жығып, буынып-түйініп көше жөнелетін, тосыннан келген қонағы табалдырығынан аттаса-ақ болды, барын дастарқанына жайып салып, қазан көтеріп, дастарқан батасын алып, риза етіп шығарып салатын болған, т.т. Осы әдет-ғұрыптың бәрі ерекше бір жылдамдықпен, бір демде орындалуы да қазақ табиғатына ғана тән қасиет». (Қайдар, 2008: 19). Қазақ халқының тұрмыс

тіршілігіндегі кез-келген заттың адамның күнделікті тіршілігіндегі құралдың қызметін атқаруымен қатар оның атауының өзіндік символдық мәні болды. Зат атауы оның неден жасалғандығына, үлкенді-кішілі көлеміне, жұмсалатын орнына байланысты туындады. Адамзаттың тішілік еткен кезеңінен бері қай ұлттың болмасын өзінің күнделікті тұрмыстағы тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тіршілігіне тірек еткен кәсібін ұлттық танымына сай суреттейтін тек сол ұлтқа ғана тән материалдық дүниесінің болатыны – заңды құбылыс.

Жүргізілген талдаулар Ілияс Жансүгіров поэзиясының көркемдік-тілдік жүйесін тереңірек зерделеуге, ақын қолданған лексикалық бірліктердің мәдени-танымдық мәнін ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында сирек кездесетін сөздер мен поэтикалық қолданыстардың семантикасы мен көркемдік қызметі жан-жақты сипатталды. Бұл ретте лексемаларды түсіндіру және мағынасын нақтылау барысында sozdikqor.kz электронды сөздік базасы дереккөз ретінде қолданылды. Зерттеу нәтижелері Ілияс Жансүгіров поэзиясының тілдік табиғатын тереңірек танып-білуге негіз бола алады және қазақ әдебиетіндегі ұлттық көркем ойды сипаттайтын лексикалық қабаттарды ғылыми айналымға енгізуге үлес қосады.

Әдебиеттер

- Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка: учебное пособие. 2-е изд., доп. – Алматы: Санат, 1997. – 608 с.
- Әбдуәлі Қ. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.
- Бабалар сөзі. Т. 93. Магиялық фольклор. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.
- Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. – Алматы: Жазушы, 2009. – 224 б.
- Бакраденова А.Б. Ақын музейі – көненің көзі, тарихтың өзі // «Жансүгіров тағылымы»: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, 2023. – 227 б.
- Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер. Т. 1 / құраст. Ш. Кыяхметова. – Алматы: Баянжүрек, 2019. – 528 б.
- Исаева Г. Жаңбыр және оның түрлері // Ана тілі. – 2016. – 19 мамыр.
- Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. – Т. 1. А-Д. – Алматы: DPS, 2011. – 736 б.
- Құрманалиева Э.Т., Тілегенов Н., Сайлауова А.Т. Артық болмас білгенің: рухани-танымдық жинақ. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 400 б.
- Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 8. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.
- Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2008. – 264 б.
- Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Қазақ тілі, 2021. – 120 б.
- Фазылжан А. Қазақ сөзінің құрылысы: екпін мәселесі [Электронды ресурс]. – URL: <https://kitap.kz/music/9/27-kazaq-sozining-qurylysy-ekpin-m-selesi> (қаралған күні: 01.06.2026).
- Хасен Б., Жанайхан Б. Қазақ және түрік тілдеріндегі «сары» сөзі қатысқан тіркестердің семантикалық ерекшеліктері // Тілтаным. – №1. 2016. – 45-48-бб.
- Issabekova, G., Nazarbekova, P., Abdykadyrova, T., Rizakhojayeva, G., Akeshova, M. Teaching the Linguistic Aspects of Ethnocultural Units Employing Comparative-Historical Method // Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 10. No.3, 2024. Pp. 33-46.
- Jakypbekova, M., Abyzova, A., Kyyakhmetova, S., Shukenay, G., Turysbekova, A., Myrzabek, N. Cognitive Characteristics of Ethnographisms Related to Material Culture (Based on Ethnographic Poems of Ilyas Zhansugurov) // Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 11. No.2, 2025. Pp. 109-121.

References

- Amanzholov, S. (1997) Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo jazyka: uchebnoe posobie. 2-e izd., dop. Almaty: Sanat, 608 s. [Amanzholov, S. (1997) Issues of dialectology and history of the Kazakh language: textbook. 2nd revised edition. Almaty: Sanat, 608 p.] (in Russian)
- Babalar sozi (2013) Magijalyq folklor. T. 93. Astana: Foliant, 432 b. [Words of Ancestors (2013) Magical Folklore. Vol. 93. Astana: Foliant, 432 p.] (in Kazakh)
- Babalyquly, Zh., Turdybaev, A. (2009) Qyrandar. Almaty: Zhazushy, 224 b. [Babalykuly, Zh., Turdybayev, A. (2009) Eagles. Almaty: Zhazushy, 224 p.] (in Kazakh)
- Bakradenova, A.B. (2023) Aqyn muzeji – konening kozi, tarihtyng ozi. «Zhansugirov tagylymy»: respublikalyq

gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary. Taldyqorgan, 227 b. [Bakradenova, A.B. (2023) The Poet's Museum as a Witness of Antiquity and History. Proceedings of the Republican Scientific-Practical Conference "Zhansugirov Heritage". Taldyqorgan, 227 p.] (in Kazakh)

Fazylzhan, A. Qazaq sozining qurylysy: ekin maselesi <https://kitap.kz/music/9/27-kazaq-sozining-qurylysy-ekpin-m-selesi> (accessed: 1 June 2026). [Fazylzhan, A. The Structure of the Kazakh Word: The Problem of Stress.] (in Kazakh)

Hasen, B., Zhanaihan, B. (2016) Qazaq zhane turik tilderindegi «sary» sozi qatysqan tirkesterding semantikalqy erekshelekteri. Tiltany, №1, 45-48-bb. [Khassen, B., Zhanaikhan, B. (2016) Semantic Features of Expressions with the Word "Sary" in Kazakh and Turkish Languages. Tiltany, No.1. Pp. 45-48.] (in Kazakh)

Isaeva, G. (2016) Zhangbyr zhane onyng turleri. Ana tili, 19 mamyr. [Issayeva, G. (2016) Rain and Its Types. Ana tili, May 19, 2016.] (in Kazakh)

Issabekova, G., Nazarbekova, P., Abdykadyrova, T., Rizakhojayeva, G., Akeshova, M. (2024) Teaching the Linguistic Aspects of Ethnocultural Units Employing Comparative-Historical Method. Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 10. No.3. Pp. 33-46. (in English)

Jakypbekova, M., Abyzova, A., Kyyakhmetova, S., Shukenay, G., Turysbekova, A., Myrzabek, N. (2025) Cognitive Characteristics of Ethnographisms Related to Material Culture (Based on Ethnographic Poems of Ilyas Zhansugurov). Eurasian Journal of Applied Linguistics, Vol. 11. No.2. Pp. 109-121. (in English)

Kengesbaev, I. (1977) Qazaq tilining frazeologijalyq sozdigi. Almaty: Gylm, 711 b. [Kenesbayev, I. (1977) Phraseological Dictionary of the Kazakh Language. Almaty: Gylm, 711 p.] (in Kazakh)

Mankeeva, Zh.A. (2008) Qazaq tilindegi jetnomadeni ataulardyng tanymdyq negizderi. Almaty: Zhibek zholy, 356 b. [Mankeyeva, Zh.A. (2008) Cognitive Foundations of Ethnocultural Names in the Kazakh Language. Almaty: Zhibek zholy, 356 p.] (in Kazakh)

Qaidar, A. (2008) Qazaq qandaj halyq? Almaty: Dajk-Press, 652 b. [Qaidar, A. (2008) What Kind of People Are the Kazakhs? Almaty: Daik-Press, 652 p.] (in Kazakh)

Qazaqtyng jetnografijalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi. Jenciklopediya. T. 1. A-D. (2011) Almaty: DPS, 736 b. [Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Names. Encyclopedia. Vol. 1. A-D (2011) Almaty: DPS, 736 p.] (in Kazakh)

Qurmanalieva, E.T., Tilegenov, N., Sailauova, A.T. (2018) Artyq bolmas bilgening. Ruhani-tanymdyq zhinaq. Taraz: Taraz universiteti, 400 b. [Kurmanaliyeva, E.T., Tilegenov, N., Sailauova, A.T. (2018) Useful Knowledge. Spiritual and Educational Collection. Taraz: Taraz University, 400 p.] (in Kazakh)

Syzdyqova, R. (2014) Tildik norma zhane onyng qalyptanuy (kodifikaciyasy). Koptomdyq shygarmalar zhinaqy. T. 8. Almaty: El-shezhire, 292 b. [Syzdykova, R. (2014) Language Norm and Its Codification. Collected Works. Vol. 8. Almaty: El-shezhire, 292 p.] (in Kazakh)

Ter-Minasova, S. (2008) Til zhane madenietaralyq kommunikaciya. Almaty: Ulttyq audarma bjurosy qogamdyq qory, 264 b. [Ter-Minasova, S. (2008) Language and Intercultural Communication. Almaty: National Translation Bureau, 264 p.] (in Kazakh)

Uali, N. (2021) Frazeologiya zhane tildik norma. Almaty: Qazaq tili, 120 b. [Uali, N. (2021) Phraseology and Language Norm. Almaty: Kazakh Language, 120 p.] (in Kazakh)

Zhansugirov, I. (2019) Koptomdyq shygarmalar zhinaqy. Olengder. T. 1. Qurastyrgan Sh. Kyjahmetova. Almaty: Bajanzhurek, 528 b. [Zhansugurov, I. (2019) Collected Works. Poems. Vol. 1. Compiled by Sh. Kyyakhmetova. Almaty: Bayanzhurek, 528 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 04.09.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.